

**ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ
НҰСҚАУЫ**

I. МАҚСАТЫ

1. Құқық қорғаушыларды қолдау – Еуропа Одағының адам құқығы саласындағы сыртқы саясатының бұрыннан келе жатқан элементі. Бұл Нұсқаудың мақсаты – осы мәселеге қатысты Еуроодақтың қызметін жақсарту жөнінде практикалық ұсыныстар беру. Бұл Нұсқаулықты үшінші елдермен барлық деңгейдегі жұмыс кезінде, сондай-ақ адам құқығын қорғау құқығының сақталуын жылжыту және нығайту үшін Еуроодақтың ағымдағы күш салуын қолдау және нығайту үшін, адам құқығы жөніндегі көп жақты форумдар аясында пайдалануға болады. Сондай-ақ Нұсқау, қауіп төнген жағдайда құқық қорғаушыларды қорғау үшін Еуроодақ тарапынан араласуды көздейді және құқық қорғаушыларды қолдаудың және көмек көрсетудің практикалық тәсілдерін ұсынады. Нұсқаудың маңызды элементі БҰҰ Құқық қорғаушылар жөніндегі арнайы өкілін және құқық қорғаушыларды қорғаудың тиісті өңірлік тетіктерін қоса, БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комиссиясының арнайы рәсімдерін қолдау болып табылады. Бұл Нұсқау Еуроодақ миссияларына (Еуроодаққа мүше-мемлекеттердің елшіліктері мен консулдықтары және Еуроодақ Өкілдіктері) құқық қорғаушыларға олардың тәсілін әзірлеу процесінде көмектесуге арналған. Бұл Нұсқаудың бірінші міндеті, құқық қорғаушыларға қатысты алаңдаушылық туғызатын мәселелерді қарау болып табылады, сондай-ақ бұл Еуроодақтың адам құқықтары жөніндегі жалпы саясатын нығайтуға өз үлесін қосады.

II. АНЫҚТАМА

2. Бұл Нұсқаулықта құқық қорғаушыларды айқындау үшін «Қоғамның жекелеген адамдарының, топтары мен органдарының адамның көпшілік мойындаған құқықтарын және негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау құқығы мен міндеттемелері туралы декларацияның» 1-параграфы (1-қосымшаны қара) негізге алынған, онда «Әр адамның жеке және басқалармен бірге адамның құқығы мен негізгі бостандықтарын ұлттық және халықаралық деңгейде ынталандыруға және қорғауға және жүзеге асыруға тырысуға құқығы барын» белгілейді.
3. Құқық қорғаушылар - адамның көпшілік мойындаған құқықтарын және негізгі бостандықтарын мақұлдайтын және қорғайтын қоғамның жекелеген адамдары, топтары мен органдары болып табылады. Құқық қорғаушылар азаматтық және саяси құқықтарды мақұлдауға және қорғауға, сондай-ақ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды мақұлдауға, қорғауға және жүзеге асыруға қол жеткізеді. Сонымен қатар құқық қорғаушылар байырғы тұрғындар қоғамдастығы сияқты топтар мүшелерінің құқықтарын ынталандырады және қорғайды. Бұл анықтамаға зорлық-зомбылық жасайтын немесе насихаттайтын жекелеген адамдар мен топтар кірмейді.

III. КІРІСПЕ

4. Еуроодақ Қоғамның жекелеген адамдарының, топтары мен органдарының адамның көпшілік мойындаған құқықтарын және негізгі бостандықтарын мақұлдау және қорғау құқығы мен міндеттемелері туралы декларациядағы

қағидаттарды қолдайды. Адам құқығын бірінші кезекте ынталандыру және қорғау міндеті мемлекет мойынында болса да Еуроодақ, адам құқығы ісін жылжытуда қоғамның жекелеген адамдары, топтары мен органдары барлығы бірге маңызды рөл атқаратынын мойындайды. Құқық қорғаушылардың қызметіне мыналар кіреді:

- бұзушылықтарды құжаттамалау;
- мұндай бұзушылықтар құрбандары үшін құқықтық, психологиялық, медициналық немесе өзге көмек көрсету арқылы сотта қорғау құралдарына жүгіну; және
- адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жүйелі және қайталанатын бұзушылықтарды жабуға пайдаланылатын жазасыздық мәдениетімен күрес.

5. Құқық қорғаушылардың жұмысына мемлекет жүзеге асыратын саясат пен іс-әрекеттерді сынау жиі кіреді. Бірақ, мемлекеттер оны теріс қабылдамауға тиіс. Мемлекеттің саясаты мен іс-әрекеттеріне қатысты тәуелсіз ойлау және еркін пікірталастар үшін орын беру қағидасы – негіз қалаушы, тексерілген және адам құқығын қорғаудың жоғарырақ деңгейін белгілеудің өзін өзі танытқан тәсілі. Құқық қорғаушылар мемлекеттерге адам құқықтарын ынталандыру және қорғау процесінде көмек көрсете алады. Консультативтік процеске қатыса отырып, олар адам құқықтары жөніндегі тиісті заңнаманы әзірлеу және ұлттық жоспарлар мен стратегиялар құруда негізгі рөл ойнауы мүмкін. Сондай-ақ, бұл рөл де танылу және қолдауға ие болу керек.
6. Еуроодақ, құқық қорғаушылар қызметінің уақыт өткен сайын қадірі өскенін мойындайды. Кез келген бұзушылыққа ұшыраған адамдарды қорғау дәрежесінің артуын қамтамасыз етуде олардың мәні өсті. Бірақ бұл прогресске жету қымбатқа түсті: құқық қорғаушылардың өздерінің шабуыл нысанасы болуы көбейіп келеді және олардың құқықтары көптеген

елдерде бұзылуда. Еуроодақ құқық қорғаушылардың қауіпсіздігін және олардың құқықтарын қорғау аса маңызды деп есептейді. Бұл тұрғыдан құқық қорғаушылар мәселесін қарау кезінде гендерлік тұжырымдаманы қолдану маңызды.

IV. ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУ

7. Бұл Нұсқаудың практикалық бөлігі Жалпы сыртқы саясат және қауіпсіздік саясаты мәнмәтінінде құқық қорғаушыларды үшінші елдерде ынталандыру мен қорғауға бағытталған тиімді жұмыс тәсілдері мен құралдарын анықтауға арналған.

Мониторинг, есептілік және бағалау

8. Еуроодақ миссияларының басшыларынан, олар тіркелген елдердегі адам құқықтары жөніндегі жағдай туралы кезеңдік есеп беру талап етіледі. ЕО Кеңесінің Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобы (The Council Working Party on Human Rights, COHOM) осы міндетті орындауға ықпал етуге тиіс істердің нақты жағдайы туралы баяндама жазбалардың жалпы жоспарын жуырда мақұлдады. Осы баяндама жазбаларға сәйкес, миссиялар өз есептерінде құқық қорғаушылардың жағдайын, атап айтқанда құқық қорғаушыларға қатысты орын алған кез келген қорқыту не шабуылды көрсетуге тиіс. Бұл түпмәтінде Миссиялар басшылары, институционалды шеңбер құқық қорғаушының өз жұмысын қауіпсіз жағдайда орындау қабілетіне айтарлықтай әсер ете алатынын білуге тиіс. Бұл тұрғыдан заң, сот, әкімшілік және кез келген зорлық-зомбылық, жаза қауіпі, *де-факто* немесе *де-юре* жағымсыз кемсітушілік, қысым немесе БҰҰ Құқық қорғаушылар жөніндегі декларациясында ескерілген кез келген құқықтарды жүзеге асыру салдары ретінде өзге озбырлық актісіне қарсы адамдарды қорғау үшін мемлекеттер қолданатын басқа тиісті шаралар сияқты кез келген сұрақтар маңызды.

Қажет болғанда Миссиялар басшылары құқық қорғаушыларды қорқытуды және оларға қарсы шабуылды айыптауды, сондай-ақ құқық қорғаушылар үшін тікелей немесе айтарлықтай қауіп төнген жағдайда демарштар мен жария мәлімдемелерді қоса, Еуроодақтың ықтимал іс-әрекеттері бойынша ЕО Кеңесінің Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобына (СОНОМ) ұсынымдар беруге тиіс. Сондай-ақ миссиялар басшылары өз есептерінде Еуроодақ іс-әрекеттерінің тиімділігі туралы баяндауға тиіс.

9. Миссиялар басшыларының есептері және басқа тиісті ақпарат, мысалы БҰҰ Құқық қорғаушылар жөніндегі Бас хатшының Арнайы өкілінің, Арнайы баяндамашысының және Халықаралық шарттар органдарының есептері мен ұсынымдары ЕО Кеңесінің Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобына (СОНОМ) және басқа да тиісті жұмыс топтарына Еуроодақ тарапынан іс-әрекет жасауды талап ететін жағдайларды айқындауға және қабылдауға қажет іс-әрекеттерді айқындауға немесе, егер ол орынды болса мұндай іс-әрекеттер бойынша ұсынымдарды Кеңестің Саясат және қауіпсіздік комитетіне (PSC) ұсынуға мүмкіндік береді.

Құқық қорғаушыларды қолдаудағы және қорғаудағы Еуроодақ рөлі

10. Көптеген үшінші елдерде Еуроодақ миссиялары (Еуроодаққа мүше-мемлекеттер елшіліктері және Еуроодақ өкілдіктері) Еуроодақ пен оның Мүше-мемлекеттерінің құқық қорғаушылармен түйісуінің бастапқы орыны болып табылады. Осыған орай, олар құқық қорғаушыларға қатысты Еуроодақ саясатын практикалық іске асыруда маңызды роль ойнайды. Сондықтан Еуроодақ миссиялары құқық қорғаушыларға қатысты белсенді саясат қабылдауға тырысуы тиіс. Сонымен қатар, олар Еуроодақ қабылдаған іс-әрекеттер белгілі жағдайларда құқық қорғаушыларға қарсы қорқытуға және шабуылға апарып соғатынын білуі тиіс. Сондықтан, орынды болған жағдайда олар қарауға болатын

іс-әрекеттерге қатысты құқық қорғаушылармен кеңесуі тиіс. Еуроодақ миссиялары қабылдай алатын шараларға мыналар кіреді:

- қауіп-қатер төнгендерін қоса, құқық қорғаушылар туралы ақпаратты тығыз үйлестіру және алмасу;
- миссияларда оларды қабылдауды және олардың жұмыс орнына баруды қоса, құқық қорғаушылармен тиісті байланыс ұстау; олармен байланыс ұстауға жауапты арнайы адамдарды тағайындау мүмкіндігін – қажет болса – осы мақсаттарда жүктемені бөлу қағидаты негізінде қарау;
- тиісті жағдайларда құқық қорғаушыларды тиісті жариялылық, ресми түрде бару және шақыру арқылы тиісінше таныстыру;
- құқық қорғаушыларға қатысты сотта істі қараған тиісті жағдайларда бару және қадағалау.

Үшінші елдермен қарым-қатынаста және көп жақты форумдар аясында құқық қорғаушыларды құрметтеуге ынталандыру

11. Еуроодақ міндеті құқық қорғаушылар құқықтарына қатысты және оларды мемлекеттік емес қатысушылар тарапынан шабуылдан және қорқытудан қорғау үшін өз міндеттемелерін орындау үшін үшінші елдерге ықпал ету болып табылады. Еуроодақ үшінші елдермен өз байланыстарында, қажет болған жағдайларда барлық елдерге қажеттілік білдіреді және тиісті халықаралық нормаларды, атап айтқанда БҰҰ Декларациясын ұстанады және сақтайды. Жалпы міндет - құқық қорғаушылар еркін жұмыс істей алатындай орта құру. Еуроодақ адам құқықтары саласындағы оның саясатының ажырамас бөлігі болып табылатын өз міндеттері туралы жариялайды және құқық қорғаушыларды қорғауға беретін мәнін атап көрсетеді.

Осы міндеттерді қолдайтын іс-әрекеттерге мыналар кіреді:

- Еуроодақ Президенттігінің өкілдері, Жалпы сыртқы саясат және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкіл немесе Еуроодақтың арнайы өкілдері мен елшілері немесе Еуроодақ өкілдері елдерге ресми бару кезінде орынды болса, олар құқық қорғаушылардың жеке жағдайларын үшінші елдерге олардың ресми баруының ажырамас бөлігі ретінде көтеретін болады.
- Еуроодақ пен үшінші елдер және өңірлік ұйымдар арасындағы саяси пікірталастарда құқық қорғаушылар туралы компонентке тиісті жағдайларда құқық қорғаушыларға қатысты істер жағдайы кіреді. Еуроодақ қорғаушылардың өздерін және олардың жұмысын қолдайтынын атап көрсетеді және қажет болғанда алаңдаушылық туғызатын жекелеген жағдайларды көтереді;
- ұқсас көзқарасты ұстанатын, атап айтқанда БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комиссиясының және БҰҰ Бас Ассамблеясы аясындағы пікірлес-елдермен тығыз ынтымақтастық;
- Адам және халықтар құқығы жөніндегі Африка комиссиясындағы құқық қорғаушылар жөніндегі байланыс орнататын адам және Адам құқықтары жөніндегі Америкааралық комиссиядағы құқық қорғаушылар жөніндегі арнайы бөлімше сияқты құқық қорғаушыларды қорғайтын қолданыстағы өңірлік тетіктерді күшейтуге ынталандыру; олар жоқ өңірлерде тиісті тетіктер құру.

Құқық қорғаушылар жөніндегі арнайы өкілді қоса, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссияның арнайы рәсімдерін қолдау

12. Еуроодақ БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының арнайы рәсімдері (арнайы баяндаушы, арнайы өкілдер, тәуелсіз сарапшылар және жұмыс топтары) тәуелсіз және қасақана еместігіне, бүкіл дүниежүзінде құқық қорғаушыларға қарсы жасалған бұзушылықтар жағдайында әрекет ете және жария сөз сөйлей алатынына және басқа елдерге ресми сапарларға бару мүмкіндігі болғанына байланысты құқық қорғаушыларды қорғауға қатысты қабылданып жатқан халықаралық күш салуларда өте қажет екенін мойындайды. Құқық қорғаушылар жөніндегі арнайы өкіл осыған қатысты ерекше роль ойнаса, басқа Арнайы рәсімдер мандаттарының да құқық қорғаушыларға қатысы бар. Еуроодақтың Арнайы рәсімдерді қолдаудағы әрекеттеріне мыналар кіреді:

- БҰҰ Арнайы рәсімдерінің шеңберінде елдерге ресми сапарлартуралы сұрауларды түбегейлі қабылдауға мемлекеттерді ынталандыру;
- Еуроодақ миссиялары арқылы БҰҰ тақырыптық механизмдерін адам құқықтары саласындағы жергілікті қоғамдастықтардың мен құқық қорғаушылардың пайдалануын жылжыту, одан басқа мұндай тақырыптық механизм өкілдері мен құқық қорғаушылар арасында байланыс орнатуға және ақпаратпен алмасуға көмектесу;
- Арнайы рәсімдер тиісті қорлар болмаса өз мандатын орындай алмайтындықтан, Еуроодаққа мүше-мемлекеттер Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссар Қызметінің ортақ бюджетінен қаржы бөлуді қолдайды.

Даму саласындағы саясат шеңберін қоса, құқық қорғаушыларды практикалық қолдау

13. Еуроодақтың және Мүше-мемлекеттердің демократиялық процестер мен институттардың дамуына көмек көрсетуге, дамушы елдерде адам құқықтарын ынталандыру мен қорғауға бағытталған бағдарламалары

құқық қорғаушыларға көмек көрсетуге арналған практикалық тәсілдердің кең спектріне кіреді. Бұдан басқа, мұндай тәсілдерге даму саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Мүше-мемлекеттердің бағдарламалары кіреді. Практикалық қолдауға мыналар кіруі мүмкін:

- Еуроодақтың және Мүше-мемлекеттердің адам құқықтары мен демократияландыру саласындағы екі жақты бағдарламалары демократиялық процестер мен институттардың дамуына, дамушы елдердегі адам құқықтарын ынталандыруға және қорғауға көмек көрсету, бұдан басқа әлеуетті өсіру жөніндегі қызмет пен халыққа арналған ақпараттық кампаниялар шеңберінде құқық қорғаушыларды қолдау қажеттігін ескеруге тиіс.
- Адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттарды, Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің офистерін және Адам құқықтары жөніндегі комиссияларды қоса, Париж қағидаттарына сәйкес құрылған адам құқықтарын жылжыту және қорғауға арналған ұлттық органдарды құру және оның жұмысын мадақтау және қолдау;
- құқық қорғаушылардың кездесуіне ықпал етуді қоса, халықаралық деңгейде құқық қорғаушылар желісін құруға көмектесу;
- қаржыны қоса, шетелдегі қорларға үшінші елдердегі құқық қорғаушылар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге тырысу;
- БҰҰ Құқық қорғаушылар туралы декларациясын, оның ішінде адам құқықтары жөніндегі білім беру бағдарламалары шеңберінде жылжытуды қамтамасыз ету.

ЕО Кеңесінің Жұмыс топтарының ролі

14. Өзінің мандатына сәйкес, ЕО Кеңесінің Адам құқықтары жөніндегі жұмыс тобы (СОНОМ) Құқық қорғаушылар жөніндегі нұсқаулыққа қатысты іске асыру барысын және кейінгі іс-әрекеттерді Кеңестің басқа тиісті Жұмыс органдарымен тығыз үйлесімде және ынтымақтастықта жүзеге асыратын болады.

Бұл жұмысқа мыналар кіреді:

- құқық қорғаушылар мәселесін Еуроодақтың тиісті саяси шараларына және іс-әрекеттеріне енгізуге ынталандыру;
- Нұсқаулықты іске асыру барысын жеткілікті аралықтарда шолуды жүзеге асыру;
- БҰҰ-мен және басқа халықаралық және өңірлік механизмдермен құқық қорғаушыларды қолдаудағы ынтымақтастықтың одан арғы тәсілдерін, орынды болған жерде зерттеуді жалғастыру;
- Саясат және қауіпсіздік комитетіне (PSC) және Мүше-мемлекеттердің тұрақты өкілдерінің комитетіне (COREPER) Нұсқаулықты іске асыру барысында қол жеткізген прогресс туралы мән-жайларға сай жыл сайынғы негізде есептер беру.

Қоғамның жекелеген адамдарының, топтарының және ұйымдарының адамның көпшілік мойындаған құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау құқығы мен міндеттері туралы декларация

Бас Ассамблея,

адамның барлық құқықтарын және әлемдегі барлық елдердегі барлық адамдардың негізгі бостандығын ынталандыру және қорғау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарының маңызды мәнін *растай отырып,*

сондай-ақ адам құқықтарын жалпыға бірдей құрметтеуге және сақтауға ықпал ету жөніндегі халықаралық күш салудың негізгі элементтері ретінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын және Адам құқықтары туралы халықаралық пактілердің маңызды мәнін және Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің шеңберінде, сондай-ақ өңірлік деңгейде қабылданған адам құқықтары туралы басқа шарттардың маңызды мәнін *растай отырып,*

халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшелері бірлесіп және жеке, барлығы үшін айырмашалықсыз, оның ішінде нәсіл белгілері, түсі, жынысы, тілі, діні, саяси және өзге сенімдері, ұлттық немесе әлеуметтік тегі, мүліктік, сословиелік немесе өзге жағдайға қарамастан адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеуді ынталандыруға және көмектесуге өзінің салтанатты міндеттемесін орындайтынын *атап отырып,* және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес осы міндеттемені орындау үшін халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етудің ерекше мәнін растай отырып,

адамның құқықтарын және халықтар мен жекелеген адамдардың негізгі бостандықтарын барлық бұзушылықтарды, соның ішінде оқшаулау саясатының, нәсіл бойынша кемсітудің барлық нысандарының, отаршылдық, шетелдік үстемшілік немесе басып алу, агрессия немесе ұлттық егемендікке, ұлттық бірлікке немесе аумақтық тұтастыққа қауіп төндіру нәтижесі болатын, сондай-ақ халықтардың өзін өзі билеу құқығын және әр халықтың өз байлықтарына және табиғи қорларына толық егемендікті жүзеге асыруға құқығын жаппай, өрескел немесе жүйелі бұзушылықтарды тиімді жоюға көмектесу жөніндегі халықаралық ынтымақтастықтың маңызды ролін және жекелеген адамдардың, топтар мен ассоциациялардың бағалы жұмысын *мойындай отырып,*

халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жүзеге асыру арасындағы өзара байланысты *мойындай отырып* және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің болмауы оларды сақтамауға ақтау болып табылмайтынын *қабылдай отырып,*

адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтары әмбебап, бөлінбейтін, өзара тәуелді және өзара байланысты екенін әрі осы құқықтар мен бостандықтардың әр қайсысын зиянсыз жүзеге асыру үшін әділ және тең құқықты негізде ынталандыруға және жүзеге асыруға тиісті екенін қайтадан *мәлімдей отырып,*

адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау негізгі жауапкершілігі мен міндеті мемлекетке жүктелетінін *атап отырып,*

жекелеген адамдардың, топтардың және бірлестіктердің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ұлттық және халықаралық деңгейлерде құрметтеуді ынталандыру және тереңірек түсінуге көмектесу құқығын *мойындай отырып,*

мәлімдейді:

1-бап

Әр адамның жеке және басқалармен бірлесіп адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ұлттық және халықаралық деңгейлерде ынталандыруға және қорғауға ұмтылуға әрі жүзеге асыруға құқығы бар.

2-бап

1. Әр мемлекет адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғауға, ынталандыруға және, атап айтқанда оның қарамағындағы барлық адамдар жеке және басқа адамдармен бірлесіп барлық осы құқықтармен және бостандықтармен практикада пайдалана алатындай барлық қажетті әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайларды жасау үшін қажет болатын шараларды қабылдау арқылы жүзеге асыруға жауапты және міндетті.
2. Әр мемлекет осы Декларацияда ескерілген құқықтар мен бостандықтардың тиімді кепілдігін қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін заң, әкімшілік және өзге де шараларды қабылдайды.

3-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен және мемлекеттің адам құқықтары мен негізгі бостандықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерімен келісілетін ішкі заңнама заң шеңберін құрады, онда адам құқықтары мен негізгі бостандықтары жүзеге асырылуы тиіс және осы Декларацияда ескерілген барлық осы құқықтар мен бостандықтарды ынталандыру, қорғау және тиімді жүзеге асыру жүргізілуге тиіс.

4-бап

Осы Декларация мәтіні Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына зиян келтіретін немесе қайшы келетін не Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, Адам құқықтары туралы халықаралық пактілердің және осы салада қолданылатын басқа да халықаралық шарттар мен міндеттемелердің ережелерін шектейтін немесе төмендететін ретінде түсіндіріле алмайды.

5-бап

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау мақсатында әр адамның жеке және басқалармен бірлесіп, ұлттық және халықаралық деңгейде мыналарға құқығы бар:

- a) бейбіт кездесулер мен жиналыстар өткізуге;
- b) үкіметтік емес ұйымдар, ассоциациялар немесе топтар құруға, оларға кіруге және қызметіне қатысуға;
- c) үкіметтік емес немесе үкіметаралық ұйымдармен байланыс жасауға.

6-бап

Әр адамның жеке және басқалармен бірлесіп:

- a) адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы ақпаратты білуге, іздеуге, табуға, алуға және өз еркінше қолдануға, сондай-ақ осы құқықтар мен бостандықтар ішкі заңнамада, сот немесе әкімшілік жүйелерде қалай қамтамасыз етілетіні туралы ақпаратқа қол жеткізуге;
- b) адамның құқықтары туралы халықаралық шарттарда және басқа қолданылатын халықаралық шарттарда көзделгендей, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары

туралы білімді басқалардың арасында еркін жариялауға, табыстауға немесе таратуға;

с) заңнамада сияқты, сондай-ақ практикада адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтауға қатысты пікірлерді оқуға, талқылауға, жасауға және өз ойы болуға және де басқа тиісті құралдары пайдалана отырып осы сұрақтарға қоғамның назарын аударуға құқығы бар.

7-бап

Адамның құқығына қатысты жаңа идеялар мен қағидаттарды жеке және басқалармен бірлесіп дамытуға және талқылауға әрі оларды мойындауға қол жеткізуге әр адамның құқығы бар.

8-бап

1. Әр адамның жеке және басқалармен бірлесіп, дискриминациялық емес негізде өз елін басқаруға және мемлекеттік істер жүргізуге қатысуға құқығы бар.
2. Бұған, атап айтқанда жеке және басқалармен бірлесіп үкіметтік ұйымдар мен мекемелерге, сондай-ақ мемлекеттік істер жүргізумен айналысатын ұйымдарға олардың қызметін жақсарту жөнінде сыни ескертулер мен ұсыныстар беру, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыруды, қорғауды және жүзеге асыруды қиындататын немесе тоқтататын олардың жұмысының кез келген аспектісіне назар аудару құқығы кіреді.

9-бап

1. Осы Декларацияда ескерілген адам құқықтарын ынталандыруды және қорғауды қоса, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жүзеге асыру кезінде әр адамның жеке немесе басқалармен бірлесіп, құқықтық қорғаудың тиімді құралдарымен пайдалануға және осы құқықтары бұзылған жағдайда қорғалуға құқығы бар.
2. Осы мақсатпен құқығы немесе бостандығы бұзылған тәрізді әр адамның жеке немесе заңды уәкілетті өкілі арқылы тәуелсіз, әділ және құзыретті сот немесе заң негізінде құрылған өзге органға арыз жолдауға, ашық тыңдау кезінде осы органның оны шұғыл қарауына сенуге және осы адамның құқығы немесе бостандығы бұзылған жағдайда, кез келген тиісті өтемақыны қоса, жағдайды түзету жөніндегі шараларды заңға сәйкес көздейтін шешім алуға құқығы бар, сондай-ақ осы шешімді немесе қаулыны кідіріссіз мәжбүрлі орындатуға құқығы бар.
3. Сол мақсатпен әр адамның, жеке және басқалармен бірлесіп, атап айтқанда мыналарға:
 - a) жекелеген лауазымды адамдардың және мемлекеттік органдардың саясаты мен іс-әрекеттері нәтижесінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын бұзушылықтармен байланысты арызды немесе өзге тиісті өтініштерді құзыретті ұлттық сот, әкімшілік немесе мемлекеттің құқықтық жүйесінде көзделген, кідіріссіз осы арыз бойынша шешім шығаруға тиіс кез келген басқа құзыретті органға беруге;
 - b) ашық тыңдауларға, істі қарауларға және сот рәсімдеріне, олардың ұлттық заңнамаға және қолданылатын халықаралық міндеттемелер мен қағидаттарға сәйкестігі туралы өз пікірін қалыптастыру үшін қатысуға;
 - c) адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау ісінде кәсіби білікті құқықтық көмек және өзге тиісті консультациялар мен көмек ұсынуға және көрсетуге құқығы бар.

4. Сол мақсатпен және қолданылатын халықаралық шарттар мен рәсімдерге сәйкес әр адамның жеке немесе басқалармен бірлесіп, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары мәселелері бойынша хабарламаларды алуға және қарауға жалпы немесе арнайы құзыреті бар халықаралық органдарға кедергісіз кіруге, сондай-ақ олармен байланыс жасауға.
5. Қарамағындағы кез келген аумақта адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын бұзушылық болды деуге ақылға қонымды негіздер болған әр жағдайда, мемлекет шұғыл және әділ тексеру жүргізеді немесе тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді.

10-бап

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын іс-әрекет жасау немесе талап етілген іс-әрекетті жасамау арқылы бұзуға ешкім қатыспауы тиіс және бұған қатыспағаны үшін ешкімге кез келген жаза немесе қудалау қолдануға болмайды

11-бап

Әр адамның жеке немесе басқалармен бірлесіп, заң негізінде өзінің қызмет түрімен айналысуға немесе кәсібі бойынша жұмыс істеуге құқығы бар. Өз кәсібінің түріне қарай адамның абыройына, құқығына және басқа адамдардың негізгі бостандықтарына әсер ете алатын әр адам осы құқықтар мен бостандықтарды қадірлеуге тиіс және қызметтің немесе кәсіптің түрімен байланысты тиісті ұлттық және халықаралық стандарттарды сақтауға тиіс.

12-бап

1. Әр адамның жеке және басқалармен бірлесіп, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын бұзуға қарсы бағытталған бейбіт іс-әрекетке қатысуға құқығы бар.
2. Мемлекет құзыретті органдардың көмегімен жеке немесе басқалармен бірлесіп шыққан адамды, кез келген зорлық-зомбылықтан, қорқытудан, жазадан, *де-факто* немесе *де-юре* теріс кемсітушіліктен, қысымнан немесе оның осы Декларацияда ескерілген құқықтарын заңды жүзеге асырумен байланысты өзге кез келген жөнсіз іс-әрекеттен қорғау мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдайды.

3. Осыған байланысты әр адамның, жеке немесе басқалармен бірлесіп, нәтижесінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтары бұзылатын, мемлекетке жүктелетін әрекетсіздікті қоса, іс-әрекеттерге немесе іс-қимылдарға қарсы бейбіт құралдарды пайдаланумен жауап шаралар қабылдаған немесе сөз сөйлеген жағдайда, сондай-ақ топтар немесе жекелеген адамдар жасайтын және адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жүзеге асыруға қатысты зорлық-зомбылық актілеріне қарсы ұлттық заңнама аясында тиімді қорғауға құқығы бар.

13-бап

Әр адамның, жеке немесе басқалармен бірлесіп, осы Декларацияның 3-бабына сәйкес адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау мақсатында қорларды сұратуға, алуға және пайдалануға құқығы бар.

14-бап

1. Қарамағындағы барлық адамдардың өз азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын түсінуіне ықпал ету мақсатында заң, сот, әкімшілік немесе өзге тиісті шаралар қабылдауға мемлекет жауапты.
2. Мұндай шараларға мыналар, атап айтқанда:
 - (a) ұлттық заңдар мен ережелерді, сондай-ақ адам құқықтары туралы негізгі қолданылатын халықаралық шарттарды жариялау және кеңінен тарату;
 - (b) адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттарға, өзі қатысушы болып табылатын адам құқықтары туралы халықаралық шарттар негізінде құрылған органдарға мемлекеттің кезеңдік баяндамаларын қоса толық және тең қолжетімділік, сондай-ақ осы

органдардың талқылау туралы қысқаша есептері мен ресми баяндамалары;

3. Қажет болған кезде мемлекет омбудсмендер, адам құқықтары туралы комиссиялар немесе ұлттық мекемелердің басқа нысандары сияқты оның қарамағындағы барлық аумақта адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау мәселелері жөніндегі жаңа тәуелсіз ұлттық мекемелерді құруды және дамытуды қамтамасыз етеді және қолдайды.

15-бап

Мемлекет білімнің барлық деңгейлерінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтары сабақтарын беруді ынталандыруға және көмектесуге әрі заңгерлерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерді және мемлекеттік қызметшілерді даярлауға жауапты барлық адамдар өз оқу бағдарламаларына адам құқықтары сабақтарын берудің тиісті элементтерін енгізуді қамтамасыз етуге жауапты.

16-бап

Жекелеген адамдар, үкіметтік емес ұйымдар және тиісті мекемелер білім беру, кәсіби даярлау және осы салалардағы зерттеулер арқылы, атап айтқанда мемлекеттер арасындағы және қызметін жүзеге асыратын қоғамдар мен ұжымдарға тән түрлі ерекшеліктерді ескере отырып, барлық нәсілдік және дін топтарының арасындағы төзімділікті, бейбітшілікті және достық қатынастарды тереңірек түсіну және нығайту мақсатында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қоғам тереңірек түсінуіне ықпал етуде маңызды рөл атқарады.

17-бап

Осы Декларацияда ескерілген құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырған кезде жеке немесе басқалармен бірлесіп әрекет ететін әр адамға, тиісті халықаралық міндеттемелерге сай келетін және заң оларды басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын лайықты тану және құрметтеу және демократиялық қоғамда әділ адамгершілік, қоғамдық тәртіп және ортақ әл-ауқат талаптарын қанағаттандыру мақсатында ғана белгіленген шектеулер қолданылады.

18-бап

1. Әр адамның қоғам алдында міндеттері бар және мұндай қоғамда ғана оның еркін және толық дамуы мүмкін.
2. Жекелеген адамдар, топтар және үкіметтік емес ұйымдар демократияны қамтамасыз етуде, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыруда және демократиялық қоғамдарды, институттар мен процестерді ынталандыру мен дамытуға көмектесуде маңызды роль ойнауға және жауапкершілікте болуға тиіс.
3. Сондай-ақ жекелеген адамдар, топтар, мекемелер және үкіметтік емес ұйымдар да Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында және адам құқықтары саласындағы басқа шарттарда бекітілген құқықтар мен бостандықтар толық іске асырыла алатын, әлеуметтік және халықаралық тәртіпке әр адамның құқықтарын ынталандыруға, тиісті жағдайларда көмектесу ісінде маңызды рөл ойнауға және жауапкершілікте болуға тиіс.

19-бап

Осы Декларацияда ештеме қоғамның кез келген адамы, тобы немесе ұйымы осы Декларацияда ескерілген құқықтар мен бостандықтарды бұзуға бағытталған кез келген қызметпен айналысу немесе кез келген іс-әрекеттер жасау құқығына ие деп түсіндіре алмайды.

20-бап

Осы Декларацияда ештеме мемлекеттерге жекелеген адамдардың, адамдар топтарының, мекемелердің немесе үкіметтік емес ұйымдардың Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережелеріне қайшы келетін қызметін қолдауға және ынталандыруға рұқсат ететін ретінде түсіндіріле алмайды.

Тиісті халықаралық құралдар

- Адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларация
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт
- Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция
- Балалар құқықтары туралы конвенция
- Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция
- Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция
- Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенция, оған хаттамалар және Адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотының тиісті істері
- Еуропа әлеуметтік хартиясы / Еуропа әлеуметтік хартиясының жаңа редакциясы
- Адам және халықтар құқықтары жөніндегі Африка Хартиясы
- Адам құқықтары жөніндегі Америкалық конвенция
- Соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенциясы және оған хаттамалар, сондай-ақ қарулы шиеленістер кезінде қолданылатын әдеттегі адамгершілік құқықтары
- 1951 ж. Босқындар мәртебесі туралы конвенция және оған 1967 ж. хаттама
- Халықаралық қылмыстық соттың Рим Мәртебесі
- Қоғамның жекелеген адамдарының, топтарының және ұйымдарының адамның көпшілік мойындаған құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау құқығы мен міндеттері туралы декларация